



18-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ТЕЛЕВИЗИЯ, РАДИО ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИАҒА МӘТІН ЖАЗУ

Балалар бағдарламасы. Тұрақты
тіркестер туралмайды



I.

Армысыздар. Біз Роберт Хиллиардтың «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабының желісімен өтетін дәрістер желісін одан әрі жалғастырамыз. Соңынан қазақ тілді ақпарат құралдарында тұрақты тіркестерді қолданудан шеберлік сабағын өткіземіз. Сондықтан бәрін ынтамен тыңдаңыздар.

Электронды ақпарат құралдарының балаларға арналған бағдарламаларымен тұтас ұжымдар айналысты. Мұның тақырыптары, идеялары, айтар моралі мен назар аударту тәсілдері ересектерге арналған радио мен телевизиялық хабарлардан өзгеше. Сол себепті жеке шығармашылық топтар қалыптасты.

Қазіргі медиа кеңістікте жағдай өзгерді. Енді балаларды тәрбиелеу, оқыту, тіпті алдандыру ісімен тұтас телеарналар айналысады. Демек редакциялар ересектер үшін бір бөлек, балалар үшін екінші бөлек болып қақ жарылмайды. Тұтас арнаның мамандары балаларға арналған теле өніммен шұғылданады.

Оның үстіне қазіргі балалар интернет арқылы өз контентті көреді. Бұл психологтардың айтарлықтай алаңдаушылығын туғызып отыр. Өйткені гаджеттен ұзақ уақыт көз алмай отыру балалардың мінез-құлқына кері әсерін тигізуде. Ұзақ уақыт смартфон мен компьютерге байланған бала кейін тиянақты назар аудару қабілетінен айрылады.

Балаларға арналған контенттердің негізгі түрлері мынандай. Толық метражды және қысқа метражды анимациялық фильмдер. Көркем фильмдер. Мультипликациялық сериалдар. Телевизиялық бағдарламалар. Балалардың телесериалдары.

Балаларға арналған контентті осылай жіктеп алған Роберт Хиллиард «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабында оны жазу мен жасаудың басты ұстанымдары мен әдіс-тәсілдерін зерттейді.

Ең бастысы телевидениенің жас көрермендерінің әлі қалыптаспаған санасы мен әсерге берілгіш мінезін есте ұстап отыру керек. Балаларға арналған бағдарламалардың сценарийін жазар кезде солар сияқты қиял қанатында қалықтауға ұмтылған жөн. Адам есейген сайын ойы тұрақтанып, қалыпты арнаға түседі. Санасы білім беру саласы салып берген соқпақтан шыға алмайды. Осылайша қиялдың қанаты қырқылады. Ал балалар кез-келген қиял әлеміне еркін кіреді. Оған тек шындыққа үйлесетін негіз болса жеткілікті.

Балаларға арналған контентте олардың жас мөлшерін үнемі есептеп жазу керек. Төменгі кластың оқушылары логикалық ойлауға шақыратын материалға көбірек ден қояды. Сегіз-тоғыз жастан асқан балалар сыртқы әлемнің сұрақтарына жауап бере алады. Оларға өздері араласып, батыр да ержүрек сезінетіндей драмаларды көрген қолайлы.

Осындай контенттің сценарийін жазған кезде жас көрерменге тікелей үн қатқан тиімді. Тілдің сөздері қарапайым да түсінікті болуы тиіс. Бірақ балаларға астамшылықпен қарауға, оларды мүсіркеуге болмайды.

Оның үстіне сценарийлерде балалар мектепте оқып кеткен, бұрыннан таныс материалдар болмауы керек. Пайдалану қажет болса олар мектептегі саты бойынша әлі жете қоймаған ілім-білімді қолданған жөн.

Балалар хабарларының ересектер бағдарламасынан және бір ерекшелігі ол жаңа әсерлер мен идеяларға толы болуы керек. Өздерін драмаға, жанжалға араластырып отырғандай етіп жазып, түсіргенде ғана ондай туындының жас көрермендері көбейеді.

Және бір назарға ұстайтын жәйт, балаларға арналған сценарий жарым-жартылай емес, толық күйде жазылады.

Мұнда тағы мыналарды ескеру керек дейді Роберт Хиллиард мырза «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабында. Қазіргі балалар интерактивті әлемде өмір сүреді. Сөйте тұра әнді, ертегіні ұнатады.

Айталық бір ескі әнді бастап беріп жалғасын жазу мен айтуды балалардың өзіне қалдырса олар мұны рахаттана орындайды.

Тағы бір атап өтерлігі балаларға арналған мәтінді қандай автор жазса да оны педагогтар мен психологтарға көрсетіп алғанның артығы болмайды. Өйткені балалар бағдарламалары түптеп келгенде олардың ой-санасының дамуына ықпал етеді.

Осындай шын мәнінде ақылды сөздермен біз дәрістің бірінші бөлігін аяқтаймыз. Енді тұрақты тіркестерді қолдануға қатысты өз ақылымызды бастаймыз.



II.

Бұл дәрісіміз тұрақты тіркестерге арналады. Иә, ана тіліміздің бір байлығы – тұрақты тіркестер. Ғасырлар бойы жиналған үлкен қазына. Алғаш бір айтқыштың аузынан шаққан. Сосын отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге таралған. Тұрақты тіркестердің басым бөлігі теңеу болса, енді бір бөлігі әлдеқандай мағынаны аңғартады. Тұрақты тіркестерді пайдалау сөздің ажарын кіргізеді. Автордың шешендігін байқатады.

Бірақ ол өткір пышақ іспетті. Абайламай қалсаң турайтын нәрсеңді емес, өз қолыңды кесіп түспек. Орынсыз қолданылған тұрақты тіркес ұятқа қалдырмақ. Содан кейін қолдануға болатын, қолдануға болмайтын фразеологиялық сөздер бар. Мұны кезінде сөз зергері атанған Ғабит Мүсірепов ақсақал орныды ескерткен. Ол кісі бір жазбасында «ауылдағы қыздың аузы сасық» деп айтар едім, бірақ ішінде сен де кетіп қаласың ба деп, олсөзді айтпаймын» депті. Міне, бұл сөз қадірі мен кісі қадірін білу. Мынадай сөз бар деп дүңк еткізбей, көмейіне келе тұра ішке бүгіп қалу. Қазіргі кезде баспасөзге мақала жазатындар мен телевизияға хабар дайындайтындар бұл үлгіні ескермей жүр. Егер бір жерден осындай тұрақты тіркес ести сала оны өздері айтып жіберуге тырысады. Өкінішке қарай ол әрекеттері көбінесе сәтсіз шығады. Тұрақты тіркес пен мақал-мәтелді орынсыз қолданып, өздері абыройдан айрылып жатады. Әрі өздері қызмет ететін ақпарат құралының атына жаман сөз әкеледі.

Екінші ескерер нәрсе: тұрақты тіркестегі сөздерді ауыстыруға орнына басқа сөз қолдануға болмайды. Өкінішке орай, соңғы уақытта білместіктен осы тұрақты тіркестердің жүздеген жылдар бойы қалыптасқан ордасы ойрандалуда. Бұл мақал мәтел мен бейнелі сөзді қолданамын деген адамның ешқашан біз жорағыдағы дәрістерімізде бірнеше рет ауызға алған «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігін» ең болмаса бір рет қолға ұстап, беттерін аударыстырып қарамағандарын байқатады. Ал көпке арнап жазу жазамын немесе ел алдында сөйлейтін деп талаптанғандардың бәріне бұл кітапты оқып шығуға кеңес беремін. Әлі де кеш емес. Өйткені, кейінгі уақытта тек елден естігендері бойынша тұрақты тіркесті қолданушылар жиі қателесіп жүр. Әлде өздері қағыс естігендіктен, әлде оларға да бұл фразеологиялық сөздер бұрмаланып жеткендіктен. Енді осындай қате немесе теріс айтылған тұрақты тіркестерді термелейік. Мысал өте көп екен. Біз бірнешеуін іріктеп алдық. Әрине бұл қателіктер бір газеттің бір күнгі нөмірінен, немесе бір телеарнадағы бір бағдарламадан алынған жоқ. Біз бұл мысалдарды жылдар бойы жинақтадық. Сөйтіп орынсыз, қисынсыз, ең бастысы қате түрде келтірілген тұрақты тіркестердің тұтас тобын тізіп алдық. Енді соларға кезек берелік. Және жай мысалға келтіре салмай оларды топтастырдық. Классификация жасадық. Журналистер қай тұста тұрақты тіркесті қолдануда қате жібереді деген жүйе бойынша ретке түсірдік.

Ең БІРІНШІ МЫСАЛ: тұрақты тіркестегі сөздердің орнын ауыстыру. Белгілі саясаттанушы, 2018 жылы қаңтарда үкіметтік емес ұйымдардың бірінен үлкен қызмет алған әріптесіміздің газетке жазған мақаласынан «оғы мірдей» дегенін оқыдық та таң қалдық. Дұрысы не еді?

Бала кезімізден естіген, бірақ қайдан шыққанын түсінбей келген екі тұрақты тіркесіміз бар еді. Бірі – осы «мірдің оғындай». «Мір» деген не? Қай ғасырда екенін анықтау мүмкін емес, әйтеуір түркі текті халықтардың ортақ бабаларына ұшы өткір таяқ қару болған тұста соны «мір» деген. Таяқты әлі күнге тоға мен туға тілінде «мірге», «мерге» деп атайды. Хакас пен алтай тілінде «міргеде» мен «мергеде» сөздері «лақтырды» деген етістікті білдіреді. Біртіндеп таяқты қолмен лақтырғаннан гөрі жақ иіп, адырна керіп жіберсе алысқа жетерін және серпіні қатты боларын байқаған. Әлгі таяқ кейінгі жебеге айналған. Ібір-Сібірде түркілермен араласқан эвенкілер әлі күнге садақтың жебесін «мір» дейді. Нанайлар садақтың өзін «мирали» дейді. Дәлелді алыстан іздеп қайтеміз, өзіміздің «мерген» дейтін сөзіміздің түбірінде дәл осы «мір» жатқаны даусыз. Осылайша «мірдің оғы» қайдан шыққанын да түйсіндік.

Дер кезінде әрі өте дәл айтылған, арналған адамын жерге жығып кететін сөзді бабаларымыз «мірдің оғындай» деген. Оны «оғы мірдей» деу – білместік. Бұл жердегі қате неде? Тұрақты тіркестегі сөздердің орнын ауыстыруда. Олай істемеуіміз керек. Тұрақты тіркес деген атының өзінде тұрғандай, олардағы сөздердің орның ауыстырып жазуға да, айтуға болмайды. Мұндай жағдайда ол барлық мәнінен айрылады. Еш қажетсіз әрі түсініксіз айтылған мағынасыз сөздер болып қалады.

Енді ЕКІНШІ МЫСАЛды келтіреміз. Бұл – тұрақты тіркестің бір сөзінің орнына соған мағыналас басқа сөзі пайдалану. Осылай да қателесіп жататын қатарластарымыз бен қаламдастарымыз көп. Бірде республикалық телеарнадағы футбол айташысы: «Бұрын бұл футболшы «тисе – терекке, тимесе – сабаққа» деп тебе салатын» десін. Енді еске түсірейік, қазақта бұл тұрақты тіркес қалай еді: «тисе – терекке, тимесе – бұтаққа». Небәрі төрт сөзден тұратын тұрақты тіркес екен. Осының еңгі сөзін телеарнаның комментаторы бұрмалап қолданды. Не шықты? Айташының аузынан түсініксіз, өзі мысалған келтірген



футболшының тепкен добындай бей-берекет бірдеңе шықты ғой. Тұрақты сөздегі әрбір сөзді ауыстыруға болмайды деген қағиданы былай қалтырып, бұл жерде «бұтақ» сөзін «сабақ» сөзімен ауыстырудың логикалық қисынсыздығын дәлелдейік. Өйткені мұнда айтылып тұрған терек – ағаш, ал ағашта бұтақ болады. Демек нақыл сөз лақтырылған тас па, басқа бірңеме не не теректің өзіне тиерін, оның діңіне тимесе де салбыраған көп бұтағының біріне тиерін тұспалдайды. Осы арқылы орынсыз айтылған сөз бен қисынсыз, ойланбай істелген істі әжуалайды. Ал айташы бұтақты ауыстырып тастаған «сабақ» сөзі ағашқа емес емес, гүлге қатысты айтылады ғой. Гүлде сабақ болады, соның ұшына өседі. Ағаштың сабағын деген ұғым жоқ қазақта. Ата-бабамыз білмей айтпаған. Демек, сабақ та, бұтақ та өсімдік тектестерге тән болғанмен, бұл жерде тек «бұтаққа» делінеді. Тұрақты тіркес болғандықтан.

Кезегімен ҮШІНШІ МЫСАЛға да жеттік. Қалам немесе микрофон ұстаған қауым тұрақты тіркестегі жеке сөзді ауыстыру арқылы оның мағынасын бұзумен қатар, айтылғандағы ырғағына нұқсан келтіріп жүр. Ал тұрақты тіркестер өте әуезді. Олардың ішкі ырғағы болады. Сөздері бірнеше бағалы металды қосып балқытқан балқыма тәрізді өте әдемі де әсерлі. Қазақ бағалы металл балқытумен ежелден айналысқан. Алтын киімді адамдардың байтақ даланың шығыс, оңтүстік және батыс өңірлерінен кезекпен табылып жатқаны соның айғағы. Тек алтынды қолданумен шектелмеген. Айталық, қолаға мыс қосып қорытып, одан мырыш шығарған. Сөйтіп көптеген тұрмыстық заттар мен әшекейлерді жасаған. Күмістен ер-тұрман мен кемер белдікті әшекейлеген. Темірге де қоспа қосу арқылы оны болатқа айналдырып, алмыс қылыш пен сертке таққан семсер соққан. Міне, тілдің өнері де осылай дамыды. Тұрақты тіркестер айтылғанның өзінде бір үйлесімге үйіріп әкетеді. Бір тәртіпке бағынады. «Қорықты» немесе «үрейленді» дегенді бейнелейтін «Төбе шашы тік тұрды» деген тұрақты тіркесті айтып көріңіз. Ішкі үйлесімі керемет қой. Сөздері бірнеше рет «т» әрпінен келе береді. Оны «басындағы шашы тік тұрды» деп айтып көріңіз. Жаңағы ырғақ жоғалды. Қисынсыз, көзге елестеуі қиын сөздер тобы ғана болып қалды. Демек, тұрақты тіркестегі сөздердің бірін айырбастау оны мағынасыз етумен қатар үйлесімін бұзады.

Енді осы үшінші мысалды келтірейік. Бұл жолы газеттегі белгілі журналистің мақаласынан оқыдық. «Сырдың суы тобығынан келмей, анау-мынауы менсінбей жүр» депті. Біз білгенде «тобығынан» емес, «сирағынан» еді. Қазақ әдетте, «Сырдың суы сирағынан келмейді» деп айтады. Бұл анау-мынауы елемейтін, ескермейтін, тіпті менсінбейтіндерді суреттейтін тұрақты тіркес емес пе. Оны газетте бұлдіріп жазған азаматты танимыз. Өзіне телефон шалып: «Жазғаныңды оқыдық, мақалаңдағы айтылған ойлардың бәрі дұрыс. Оны қолдаймыз. Тек тек сирақ пен тобықты ауыстырып тастапсың» дедік. Өзінікі жөн екенін айтып өзеуреді. Дәлелі мынадай: «Тобық сирақтан да төмен. Демек мен кейіпкердің астамшылығын көрсеттім» дейді. Дауасызға не дерсің?

Бұл жазарман бізді қойшы, тіл ғылымының ең шыңына шыққан филология ғылымдарының докторы Рәбиға Сыздықова апамызға құлақ түрмепті. Ғалым апамыз өз еңбегінде «Көппен көрген ұлы той» деген мәтелді елмен көрген, жұртпен көрген, халықпен көрген деп ауыстырып айтуға болмайды, өйткені мұнда «көппен көрген» деген сөздер аллитерацияны пайдаланғандықтан, құлаққа жағымды, айтуға жеңіл, еске сақтауға қолайлы мәтел болып тұр» деп еді. Көрдiңiздер ме, «көппен көрген» деген тіркесте әріптердің үйлесім жатыр. Екеуі де «кө» деген әріптермен басталғандықтан құлаққа жағымды естіледі. Сырдың суы сирағынан келмейді деген тұрақты тіркесте үш сөз «с» әрпінен басталған. Сонысымен маңызды. Ғалым апамыз жазғандай мұнда да өте күшті аллитерация қолданылған. «Сирақты» «тобыққа» ауыстыру сол аллитерацияны быт-шыт етеді. Оны істеген әрі әрекетінің теріс екенін мойындамайтын азаматтың өзін «Сырдың суы сирағынан келмейді» деп сипаттағаннан басқа амалымыз бар ма?

Әрі қарай ТӨРТІНШІ МЫСАЛды айтайық. Ол – тұрақты тіркесті жөнсіз қолдану. Оның да мысалдары баршылық. Мынау белгілі газеттегі тақырып: «Өзімізге ғана арқа сүйейміз» деп аңыратып тұр. Өзі басылымның бірінші бетіне онда да көрнекі тұсына қойылған. Оның үстіне анау-мынау емес, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысының мақаласына қойылған тақырып екен. Мақаланың айтпағы біздің еліміз сырттағы көмектерді малданбай, өз күшімен өмір сүруі керек дегенге саяды. Ол ойы дұрыс. Бірақ мақаласына қойылған тақырып мүлде қиыспайды.

Иә, қазақта «арқа сүйеу» деген тұрақты тіркес бар. Сонау «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» заманында өмір сүрген Қожаберген жыраудан мына жыр жеткені белгілі.

«Қырылу Алакөлден басталып тұр, Қазақтар жау қалмақтан жасқанып тұр. Орыстар мен Қытайға арқа сүйеіп, Ит қалмақ сол екі елден күш алып тұр». Көрдiңiздер ме жыраудың жырына қарағанда қазақтың жауы қалмақ екі жақтағы орыс пен қытайға арқа сүйеген екен. Осы бір шумақтың өзінде өте ғажап саяси талдама тұр. Бір шумағыңыз қазіргі саяси шолушылардың бір беттік мақаласының жүгін арқалап кеткен-ау. Өлеңнің қуаты осында. Тек оны Қожаберген жырау сияқты арқалы ақындар айтқанда, шіркін.



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Балалар бағдарламасы. Тұрақты тіркестер туралмайды
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

Демек, біреу біреуге арқа сүйейді. Болмаса бірденеге арқа сүйейді. Ешқашан өзіне өзі арқа сүйемейді. Логикалық жағынан қараңыз. Қалай өз арқанды өзіңе сүйей аласың? Қисынсыз емес пе?! Өзіне өзі сенеді. Өзін өзі жігерлендіреді. Ал арқа сүйеу, сол сияқты қолдау тек біреу арқылы жүзеге аспақ. Міне тұрақты тіркесті орнысыз қолдану деген осы.

Енді осы тұрақты тіркесті талдағанда біз Қожаберген жырауды ауызға алдық. Жырауды айтқанда оның заманын сипаттадық. Қандай сөздермен? Еске түсті ме: «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» дедік. Бұл да нағыз тұрақты тіркес. Осы төрт сөз үлкен тарихи оқиғаны білдіреді. Тыныш жатқан елге аяқ астынан жау тигендегі барлық жағдайды сипаттайды. Мұның сыры неде? Тұрақты тіркестердің алғаш рет бір жағдайға қатысты өте орынды айтылып, содан бастап халықтың жадысында жатталып қалатындығында. Ал сіз осы «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деген тіркескті басқа жағдайға қолдана алмайсыз. Ол тіпті той-томалақ тұрмақ, дау-жанжалды жағдайды сипаттауға келмейді. Бұл халықтың басына сұмдық нәубет келген кезді ғана сереттейді. Ондай заман енді оралмасын деген ниетпен біз талдауымызды жалғастырайық.

БЕСІНШІ МЫСАЛымызға қарағанда тұрақты тіркесті дұрыс қолданбау өз кезегінде басқаша көрініске ұрындырады. Ондай да жағдай болады. Бұл жолы республикалық телеарнадан естідік. Республикалық арналардың біріндегі жаңалықтардағы белгілі тілшінің репортажынан тыңдадық. Ол оңтүстік өңірде ерте шыққан бәйшешектер туралы сюжет көрінеді. Тілшіміз: сөз соңында «Өсімдіктердің де тамырына қан жүгірді» десін.

Иә, «тамырға қан жүгірді» деген тұрақты тіркес бар. Әлдене қайта жанданған, тірілген, қозғалысқа түскен тұста айтылады. Бірақ, осыны дәл өсімдікке қатысты айту жөн емес еді. Өйткені, өсімдікте тамыр бар, бірақ ол тамырмен ешқашан қан жүгірмейді, нәр жүгіреді. Сол себепті ғана бұл тұрақты тіркесті қолдануды сәтті дей алмаймыз. Міне, бір қарағанда тұрақты тіркес сақталған сияқты. Бірақ оны дұрыс қолданбаудан басқаша сипат берілген. Өсімдіктің тамырына қалай қан жүгіреді екен деп қайран қалып отырғаның.

Біз енді бірер шағын мақалаларды талдауға көшейік. Себебі бұларда да тұрақты тіркес орынсыз туралған. Әрі оны қазіргі уақыттағы ең белсенді журналистің бірі жазыпты. Бұл жай журналист емес, анда-мұнда шапқылай беретін блогер көрінеді. Былайша айтқанда көпті аузына қаратып отырғаның өзі.

Оның бірінші жазбасын оқып шығалық: «Екі жағдай екі түрлі. Қазақ мұндайда айтады, «Адамның аласы бар, құласы бар». Сондықтан, жаман ұлт, жақсы ұлт деген болмайды, тек жақсы адам я жаман адам деген болады. Бұны сол сіз бойкот жасап отырған үндінің «Менің атым Хан» деген фильмінің моралі деп біліңіз...» Үзіндінің соңы.

Бұл жазбаның идеясы, идеологиясы, мазмұны бізді қызықтырмаған. Кейінгі кезде әлеуметтік желіде белсенді болып жүрген журналистің көлемді жазбасының осы үзінін редакциялап көруге ғана ниеттендік.

Бірінші сөйлем: «Екі жағдай екі түрлі». Мұны біз «Екі түрлі жағдай» деп редакциялап берер едік. Сәл де болса қысқарды. Бірақ ой бұзылмай, қайта нақтылана түсті.

Екінші сөйлем: «Қазақ мұндайда айтады, «Адамның аласы бар, құласы бар». Алдымен сынық сөйлемді түзеп шығайық. Біздіңше: «Қазақ мұндайда «адамның аласы бар, құласы бар» деп айтады» болуы тиіс. Сонда сөйлемнің әрбір мүшесі өз орнына келеді. Тіпті, автордың ерекше екпін түсіргісі келгенін ескеріп, сөздерді сол орнында қалдырғанда, тыныс белгілері жөнделуі керек. Онда «айтады» дегеннен соң үтір емес, қос нүкте қойған ләзім. Қайта редакциялағанда: «Қазақ мұндайда айтады: «адамның аласы бар, құласы бар» болып шығады

Аленді басты мәселеге көшейік: қазірдаңқы асып тұрған журналист-блогеріміз келтіріп отырған «адамның аласы бар, құласы бар» деген тұрақты тіркесті осы қазақ айтқан ба? Ата-бабамызда тек «малдың аласы – сыртында, адамның аласы – ішінде» деген мақал болса керек. Мұндағы «ала» анықтауышы екі мағынада қолданылған. Алдымен ол малдың түсі ретінде қолданылса, екінші жолы адамның пиғылын сипаттау ретінде айтылады. Болмаса қазақ адамның түсін ешқашан «ала» да, «құла» да деп суреттемейді. Оның «аққұба», «қараторы», «бидай өңді», «сұрша» дегендей ғасырлар бойы қалыптасқан сөздері бар. «Ала» мен «құла» – көшпелі халық үшін малдың түсі. Демек тұрақты тіркес ондырмай бұзылды. Адамды малға қатысты түстермен суреттеу арқылы автор ұятқа қалды. Тек соны сезінсе дейміз.

Әрі қарай үшінші сөйлемін оқиық: «Сондықтан, жаман ұлт, жақсы ұлт деген болмайды, тек жақсы адам я жаман адам деген болады». Мұнда «я» деген бір әріпті жеке бір сөз ретінде жазу – сауатсыздық! Қазақта бір әріптен тұратын жалғыз сөз – «у». Автордың «иә» деп жазуға неге ерінгенін кім білсін? Тағы бір назар аударар жәйт логикада жатыр. Алдымен «жаман ұлт, жақсы ұлт» деп жазған соң «жақсы адам, жаман адам» деп жазу қисынды еді. Немесе «жаман ұлт иә жақсы ұлт» деп алып «жақсы адам иә жаман



адам» дегенді қалдыруға болады. Салыстырып жазған кезде бір стиль сақталуы керек. Адамның үстіндегі киімнің бір жеңі ұзын, келесі жеңі қысқа болмайтыны сияқты ғой.

Үзіндінің соңындағы төртінші сөйлем былай жазылған: «Бұны сол сіз бойкот жасап отырған үндінің «Менің атым Хан» деген фильмінің моралі деп біліңіз...» Ал бұл сөйлемді түсініп көріңіз: мен үндінің тек «Менің атым Хан» деген фильміне «бойкот» жасап отырмын ба, жоқ жалпы үнді фильмдеріне «бойкот» жариялап отырмын ба? Ең бастысы мен бұл «бойкот» тақырыбына бей-жай болсам ше? Онда автор қалай «мені» көзге шұқи алады? Демек, дұрысы – «сіз» емес, «кейбіреулер» деп жазу шығар.

Енді сөйлемдегі жеке сөзді талдайық. «Бұны» сөзі – «мұны» сөзінің босаң түрі. Оны ауыз-екі тілде қолдана бергенмен, жазғанда «мұны» сөзін қолданған жөн. Бір сөйлемге «бойкот», «мораль» деген терминдерді тықпалау да артық шығар. «Фильмінің моралі деп біліңіз...» деген тіркесті «...фильмінің айтары деп біліңіз» десе де ешкім журналист-блогердің әлемдік деңгейдегі сауатына шәк келтіре алмас. Қайта барынша қазақыланып, ұғым үшін жатық жазылмай ма? Сонымен, төртінші сөйлемді тек редакциялап бергенде: «Мұны сол кейбіреулер бойкот жасап отырған үндінің киносындағы «Менің атым Хан» деген фильмінің айтары деп біліңіз.» Әлбетте, біздің редакциялауымызды біздің блогер бауырымыз қабылдар ма иә қабылдамас па, оны өзінің патша көңілі білер.

Енді тура осы журналист әрі блогер бауырымыздың 2017 жылғы 26 қыркүйектегі жазбасынан төмендегі мысал алдық. Тағы да автордың атын әдейі көрсетпедік. Өзінің өткендегі жазуынша, жастарға сабақ беріп жүр. Сондықтан, туын жерге жықпайық дедік. Әйтпесе, «Махаббат, қызық мол жылдардың» эпилогында Әзілхан Нұршайықов ағамыз «Зайкүл қазақ тілінен басын жарып, көзін шығарып сабақ беріп жүр» деп күлдірткен. Мынау да соның кері шығар. Біз сауатты да жауапты жазу ісіне өзін оқытқымыз келеді. Ол боса жастарды оқытып жатыр. Хош.

Жазбадан үзінді мынадай: «Ұлттық код дегенді бәріміз еңкейіп-тоңқайып іздеп жатырмыз. Текеметті төңкеріп, көрпені сөгіп, домбыраны қаққылап, қазбаның орнын тепкілеп... әйтеуір, бір әурешілік, әбүйір берсін. Оны іздеуге «Хабар» арнасы да оң бүйрегін беріп тұр.» Үзіндінің соңы.

Біздің блогер журналисіміздің қандай ақпарат құралында қызмет атқаратыны осы тұстан аңғарылыпты. Өзі жазған екен, енді бүркемелеудің қажеті шамалы шығар.

Бірінші сөйлемге келісеміз бе, жоқ па? Аздап картинаны көз алдыға әкелетіндей әсері бар. Бірақ өзін сипаттағанда «еңкейіп-тоңқайып» дей берсін. Ал бәрімізді «еңкейіп-тоңқайып» қойғаны қалай екен? Ұлттық кодты іздеп жүргендердің ішіндегі ақсақалды академиктер мен басқа да қадірменді қариялар бар ғой. Олардың бірі «айналайын, мен еш еңкейіп-тоңқайып жатқан жоқпын» десе автор қалай жауап қайтарар екен? Бұл жазу мәдениеті дегенге саятын ескертуіміз.

Екінші сөйлемде: «төңкеріп» сөзі жай «н» емес құйрықты «н» әрпімен жазылады. Болашақ латын харпінде қалай боларын кім білсін, әзірге осылай. Жалпы беріде «ң» әрпін айта алмайтын тұтас буын қалыптасқаны өте дұрыс емес. Телевизиядағы жүргізушілер мен түрлі телеарналардан түспейтін көдеден көп әншілердің бірталайы осы «ң» әрпін айта алмайды. Оны көрермендер орынды сынап жатады. Бірақ сыннан шыққан қорытындыны әзір көріп отырған жоқпыз-ау.

Біздің блогеріміз, осы екінші сөйлемді «Текеметті төңкеріп» деп бастаған екен, ал текемет ешқашан төңкерілмейді. Қазан, кесе, шара, табақ, берідегі стакан, жалпы ыдыс төңкеріледі. Жау шапқанда ошақ төңкеріледі. Ақырзаман болғанда дүние төңкеріледі. Бергі замандағы төбелес кезінде үстел төңкеріледі. Текемет, кілем, алаша, жалпы жайылатын нәрселер болса, аударылады. Асты үстіне шығады. «Текеметті аударып» немесе «текеметтің астын үстіне шығарып» десе қисынды. Хош, осы сөйлемдегі төртінші тіркесте «қазбаның орнын тепкілеп» дейді. Қазбаның орны дегеніміз түптөп келгенде жер емес пе! Сонда жерді тепкілеп мына бауырымыз түк таппайды-ау. Жер тепкілеу - ашулану, тұлдану, амалсыз қалу. Ал ініміз тіршілік жасап «еңкейіп-тоңқайып іздеп жатқан» жоқ па. Ендеше, бұл тұстағы дұрысы - «тепкілеп» емес, «түрткілеп» шығар. Ертеректе қазып қазына алған орынды қайта түрткілеп бірдеңе табуға болады. Міне қисынсыз жаза салудың, мана жоғарыдағы бейнелі сөзді өз ретімен және әр сөзін орнымен қолдансақ, «тисе – терекке, тимесе – бұтаққа» деудің нағыз көрінісі осы жазба сияқты.

Мұнымен бітпейміз, ең қатесінің ауыры - соңғы үшінші сөйлем. Мұнда қазақ тілінің бір тұрақты тіркесі ортасынан ойылып түскен. Оқып көрелік: «Оны іздеуге «Хабар» арнасы да оң бүйрегін беріп тұр» деп жазыпты журналист бауырымыз. Өте жауапсыз жазылған дер едік. «Бүйрегін берудің» мағынасы біреу - донор болу. Басқа мағынада қолдану мүмкін емес. Ал атам қазақтан қалған «бүйрегін бұру» деген тұрақты тіркес бар. Жанашырлық танытқанды, қолдағанды аңғартады. Мына сөйлемге тіпті, оны да қолдануға болмайды. Бұл жерде тұрақты тіркес керек болса, оңтайлысы – «білегін сыбанды». Әрі оң білегі де, сол білегі де емес, «екі білегін сыбанды». Сонда қазақтың бір тұрақты тіркесі журналист әрі блогер



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Балалар бағдарламасы. Тұрақты тіркестер туралмайды
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

бауырымыздың кәдесіне жарар еді. Қалай ойлайсыздар?

Бір басылымнан «Артында бар оңалар» дегенді оқыдық. Бұл да тұрақты тіркеске жауапсыз қараудың мысалы. Қазақ тек «орнында бар оңалар» дейді. Мұнда да ішкі үйлесім, галым апамыз айтқандай аллитерация бар. Бірінші және үшінші сөздері «о» әрпінен келеді.

Тағы бір беделді, рейтингі өте жоғары телеарнамыз былай ділмәрсіген: «Асыққанның алды - жөн, арты – соқпақ» дейді Абай атамыз». Ал анығында Абай атамыз не деп еді? «Адасқанның алды - жөн, арты – соқпақ» деген. Асыққан емес, адасқан. Шамасы, телеарнаның журналисі өзі асығып отырып осылай жаза салған. Қазақ мұндайды бір тұрақты тіркесінде «асыққан – шайтаның ісі» сипаттайды ғой. Шынында, Абайды бұрмалуды тек шайтанның ісі деп бағалауымыз керек.

Он сегізінші сабақты пысықтау:

Тұрақты тіркестердегі сөздерді басқа сөзбен ауыстыруға болмайды. Онда мағына бұзылады .

«Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігін» бір рет байыптап оқып шығу керек.

Тұрақты тіркестердің ішінде өз дыбыс үйлесімі бар.

Ғұламалардың сөзін бұрмалап қолдану ешқашан абырой әкелмейді.